• 8 немесе одан үлкен жастағы балалар, сезім немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар не білімі немесе тәжірибесі жоқ адамдар бұл құрылғыны бақылаумен немесе құрылғыны пайдалану нұсқауы берілген жағдайда ғана ықтимал қауіптер ескерілген қауіпсіз жолмен пайдалана алады.
• Тазалау және техникалық қызмет көрсету бақылаусыз балалармен орындалмауы керек.
• Пеш есігінің шыныларын тазалау үшін қатты немесе абразивті материалдарды не үшкір металл қырғыштарды пайдалануға болмайды, себебі олар бетті сызып, шынының сындыруы мүмкін.
• Алынбалы бөліктерін алу алдында пешті өшіру керек. Тазалаған соң, оларды нұсқауларға сәйкес қайта жинақтаңыз.
• Осы пешке ұсынылған ет датчигін ғана пайдаланыңыз.
• Тазалау жұмыстары үшін бумен тазалау құралын пайдаланбаңыз.
• Жапсырмадағы кернеуді, токты және жүктемені көтере алатын және жерге тұйықталған кабельге ашаны қосыңыз. Ұяшық жапсырмада көрсетілген жүктемеге үйлесімді болуы керек әрі жерге тұйықталған контактісі болуы және жұмыс істеп тұруы тиіс. Жерге тұйықтау өткізгішінің түсі сары-жасыл болады. Бұл жұмысты білікті кәсіби маман ғана орындауы керек. Ұяшық пен құрылғы ашасы бір-біріне үйлесімді болмаса, білікті электр маманынан ұяшықты ауыстырып беруін сұраңыз. Аша мен ұяшық орнатылатын елдегі ток нормаларына сәйкес болуы керек. Омниполярлық ажыратқышты құрылғы мен қуат көзінің арасына қою арқылы қуат көзіне қосылуға болады, ол максималды қосылған жүктемені көтере алады және ағымдағы заңнама талаптарына сәйкес келеді. Жерге тұйықтауға арналған сары-жасыл кабельге ажыратқыш орнатудың керегі жоқ. Құрылғы орнатылғанда, қосылымға пайдаланылған ұяшық немесе омниполярлық ажыратқыш қолжетімді болуы керек.
• Ашаны қолжетімді жерге қою арқылы немесе сым жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сымға қоқыш жалғау арқылы ажыратуға болады.
• Егер қуат кабелі зақымдалса, өндіруші тарапынан ұсынылған кабельмен немесе арнайы жинақпен алмастырылуы керек немесе тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабарласуыңыз керек. Қуат кабелінің түрі H05V2V2-F болуы керек. Бұл жұмысты білікті кәсіби маман ғана орындауы керек. Жерге тұйықтау өткізгіші (сары-жасыл) басқа өткізгіштерден шамамен 10 мм ұзын болуы керек. Кез келген жөндеу жұмыстарын Тұтынушыға қолдау көрсету бөлімінен қараңыз және түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануын сұраңыз.
• Жоғарыда айтылғандарды орындамаған жағдайда, құрылғыға қауіп төніп, кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.
• Тазаламас бұрын шашыраған материалдың артық мөлшері алып тасталуы керек.
• Пісіру кезінде орын алып, ұзаққа созылатын қуат көзінің ақаулығы монитор ақаулығына себеп болуы мүмкін. Бұндай жағдайда тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
• Шамадан тыс ысып кетпеуі үшін құрылғыны декоративті есіктің артына орнатуға болмайды.
• Ішіне сөре қойғанда, тежегіш жоғары қарап тұруы керек және қуыстың артқы жағында болуы керек. Сөре қуысқа толықтай салынуы керек.
• ЕСКЕРТУ: Пеш қабырғаларын дүкендерде қолжетімді алюминий фольгамен немесе бір рет қолданылатын қорғаныспен туралауға

болмайды. Алюминий фольга немесе басқа қорғаныс ыстық эмальмен тікелей байланысса, ішкі эмальді ерітуі және нашарлатуы мүмкін.

• ЕСКЕРТУ: Пеш есігінің тығыздауышын ешқашан ашпаңыз.

• АБАЙЛАҢЫЗ: Пісіру кезінде немесе пеш ыстық кезде қуыс түбін сумен толтыруға болмайды.

• Құрылғыны номинал жиіліктерде пайдалану мақсатында қосымша жұмыс/параметр талап етілмейді.



Бұл аспаптың Электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтары (WEEE) туралы 2012/19/ЕО еуропалық директивасына сәйкес таңбаламасы бар. Электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтарының құрамында ластаушы заттектер (қоршаған ортаға теріс ықпал етуі мүмкін) және негізгі компоненттер (екінші қайтара пайдалануға жататын) болады. Электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтарының барлық ластаушы заттектерді кетіру және кәдеге жарату, сондай-ақ барлық материалдарды қалпына келтіру және қайтадан пайдалану мақсаттарында арнайы өңдеуге жатқызылғаны маңызды.

Әркім де электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтары туғызатын экологиялық проблемалардың алдын алуға елеулі үлес қоса алады; ол үшін бірнеше негізгі ережелерді ұстану маңызды:

Электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтарын тұрмыстық қалдықтар секілді жаратуға болмайды.

Электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтарын жергілікті билік органдары немесе тіркелген компаниялар бақылайтын жинау пункттеріне табыстау керек. Көптеген елдерде электр және электрондық жабдық өндірісінің қалдықтарының көп көлемі болған кезде, қалдықтарды үйден жинау жүзеге асырылады.

Жаңа аспапты сатып алған кезде ескі аспапты бөлшек сауда кәсіпорнына қайтаруға болады, егер ол аспаптар баламалы типті және қайтарылатын аспап сатып алынатын аспап секілді функцияларға ие болса, ол оны өзара-бірдей сәйкестік негізінде тегін қабылдауға міндетті.

ҚУАТ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Мүмкіндігіне қарай духовканы алдын ала қыздырудан аулақ болу және әрдайым оны түгелдей толтыру керек. Духовканың есікшесін мүмкіндігінше сирек ашыңыз, өйткені оны әрбір ашқан сайын жылу сейіледі. Электр энергиясын елеулі үнемдеу үшін духовканы жоспардағы тамақ пісіру аяқталардан 5-10 минут бұрын өшіріп отырыңыз, сонда духовка өндіретін қалдық жылу пайдаланылады. Жылудың камерадан тыс таралуына жол бермеу үшін, тығыздағыштарды тазалықта және тиісті күйде күтіп ұстау керек. Сіздің электр қуатымен жабдықтауға шартыңызда сағаттық тариф көзделетін жағдайда, онда "тамақ пісіруді кейінге қалдыру" бағдарламасы тамақ пісіру процесін бастауды жеңілдікті тариф әрекет ете бастағанға дейін кейінге қалдырудың арқасында электр энергиясын үнемдеу процесін оңайлатады.

Мазмұны

Кауіпсіздік техникасы ережелері
13
1. Жалпы нұсқаулықтар
1.1 Сәйкестік туралы мағлұмдама
1.2 Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар
1.3 Орнату
1.4 Асхана гарнитурына духовка шкафты орнату.
1.5 Маңызды
1.6 Қуат көзіне қосу
1.7 Аспаптың қосалқы бөлшектері

Пайдалы кеңестер
14
2.1 Сөрелердің қауіпсіздік жүйесі
2.2 Грильде дайындау
2.3 Күтім және тазалау
2.4 Сервистік қызмет көрсету

Аналогтық сағатты / бағдарламашыны пайдалану
15
3.1 Іске пайдалану жөніндегі жалпы нұсқаулықтар
3.2 Сағатты орнату (ағымдағы уақытты)
3.3 Қол режимінде тағам әзірлеу
3.4 Сигнал беруші құрылғыны бағдарламалау (таймер)
3.5 Жартылай автоматты режимде тағам әзірлеу: тағамды әзірлеу уақыты аяқталған кезде духовка шкафын сөндіру
3.6 Толығымен автоматты режимде тағам әзірлеу
3.7 Қоректендіру кернеуін жіберудің бұзылуының индикациясы (қосымша)

«әзірлеу соңы» таймерін пайдалану
17

Қолдануға арналған нұсқаулық
17

1. ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Духовканы қолдануда жоғарғы нәтижелерге жету үшін аталмыш нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Өйткені бұл нұсқаулықта жабдықты орнату, қолдану, жөндеу және тазалау, сонымен қатар пешті тиімді қолдану туралы маңызды ескертулер мен нұсқаулықтар берілген. Аспапты қолдану барысында туындайтын кез-келген сұрақтарға жауап алу мақсатында осы нұсқаулықты ұқыптап сақтаңыз. Аспапты орнату алдында төменде берілген кестеге оның сериялық нөмірін жазыңыз, өйткені қызмет көрсету орталығымен хабарласар алдында осы нөмірді хабарлауыңызға тура келеді.
Аспапты қораптан шығарған соң, онда ақау жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Кішігірім болсын ахау бар екені жайлы күдік пайда болған жағдайда оны қолданбастан, бірден қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
Полиэтилен қапшығы, пенопласт бөлшектері немесе шегелер сияқты барлық қаптама материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерге алып қойғаныңыз жөн, өйткені олар балалар үшін қауіпті болып табылады.
Барлық қол жетімді бөлшектер аспап жұмыс істеп тұрған кезде қатты қызады, абай болыңыз оларға қолыңызды тигізбеңіз. Пешті алғаш қосқанда өткір иісті түтін пайда болуы мүмкін. Бұл духовканың термоқаптағышының бірінші қызуына байланысты болады, және бұл қарапайым құбылыс. Түтін шығуы тоқтаған соң, духовкаға дайындайтын тағамды салуға болады. Жұмыс барысында духовка қатты қызады, әсіресе есіктің шынысы. Сондықтан жұмыс істеп тұрған духовкаға балалардың жақындауына тыйым салыңыз, әсіресе гриль бағдарламасын қолданған кезде.
Федералдық заңның №261-ФЗ 23.11.09 және РФ Үкіметінің Қаулысы №1222 31.12.09 ж., талаптарына сәйкес аталмыш тауар орыс тілінде тауардың классы, энергетикалық тиімділігі жазылған арнайы сипаттамалы заттаңбамен белгіленген, тұтынушыларға сатылатын жерде ол аспаптың алдыңғы жағында орналастырылған.

1.1 СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МАҒЛҰМДАМА

Құрылғыға CE белгісін орналастырып, осы өнім заңнамасына қолданылатын барлық қатысты Еуропалық қауіпсіздік, денсаулық және қоршаған орта талаптарына сәйкестікті растаймыз.

EAC Бұл бұйым Кедендік Одақтың төмендегі техникалық регламенттеріне сәйкес келеді:
- КО ТР 004/2011 "Төмен вольтті жабдықтың сәйкестігі туралы"
- КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі"
Бұйым "РОСТЕСТ-МОСКВА" өнімдер мен қызметтерді сертификаттау жөніндегі органында сертификатталған, Мәскеу қаласы.
Сіз сәйкестік сертификатының көшірмесін тауар сатып алынған дүкеннен немесе, **candymow@candy.ru** электрондық поштасына сұрау жолдау арқылы алуыңызға болады.

1.2 ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР

Бұл аспап шығарылу мақсатына сай ғана қолданылуы тиіс, яғни үй жағдайында тамақ дайындау үшін. Аспапты қандай-да бір басқа мақсат үшін қолдану (мысалы, бөлмені жылыту үшін) қолданысқа сай емес деп саналады, және ол зиян келтіруі мүмкін.
Аспапты белгіленген мақсатқа сай қолданбау барысында келтірілген зиян үшін, сонымен қатар аспапты қолдану нұсқаулығына сәйкес қолданбаған кезде өндіруші кәсіпорын жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Электраспаппен жұмыс жасау барысында бірнеше негізгі қауіпсіздік сақтау ережелерін сақтаған жөн:
- Қол жетімді бөлшектердің барлығы аспаптың жұмыс істеу барысында қатты қызатындықтан абай болыңыз, қолыңызды тигізбеңіз.
- Ашаны розеткадан шығару үшін, ток көзінің сымынан тартпаңыз.
- Ылғал немесе су қолмен, не аяқпен духовканы ұстамаңыз.
- Егер жалаңаяқ болсаңыз, онда пешті қолдануға болмайды.
- Бақылаусыз духовканы балалардың немесе ауру адамдардың қолдануына жол бермеңіз.
- Адаптер, үшайыр немесе ұзартқышты қолданбаған жөн.
- Духовка жерге құлаудың нәтижесінде пайда болған ахау немесе қарапайым жұмыс тәртібінен ауытқыған жағдайда духовканы өшіргеніңіз жөн және духовкаға қолыңызды тигізбеңіз.
- Қуат бауы зақымданған жағдайда, кейінге қалдырмай оны ауыстырған жөн, ол үшін мына төмендегі берілгендерді орындаңыз:
Клеммалар қорабының қақпағын ашыңыз, қуат бауын ағытыңыз да оны қажетті ұзындықтағы және аспапты қуаттылығына сәйкес сыммен ауыстырыңыз (сымның түрлері H05V2V2-F). Бұл жұмыс білікті маман арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Жерге қосу сымы (сарғыш-жасыл) міндетті түрде қалған сымдардан 10 мм ұзынырақ болуы тиіс.
Жөндеу жұмыстарын қосалқы бөлшектері бар арнайы қызмет көрсету орталықтарында жүргізген жөн. Жоғарыда берілген ережелерді орындамау аспапқа зиян келтіруі мүмкін.
Аспаптың белгілі техникалық сипаттамалары бар, сондықтан оған өзгерістер енгізуге болмайды.
- Жоғары қысымды бумен тазалағыш аспаптарын қолдануға болмайды.
- Духовкаға жанғыш заттарды салуға болмайды. Кездейсоқ духовканы қосқанда олар өртеніп кетуі мүмкін.
- Духовканың есігіне сүйкенуге немесе баланы отырғызуға болмайды.
- Духовкаға ыдысты немесе қосалқы жабдықтарды салу не алу үшін арнайы қолғаптарды қолданыңыз.
- Аспап физикалық, сенсорлық және сана-сезімі шектеулі (соның ішінде балалар) адамдардың қолдануы үшін жасалмаған, алайда олар жауапты адамдардың бақылауымен ғана қолдана алады. (сәйкес ГОСТ МЭК 60335-1-2008)
- Балалардың духовкамен ойнауына жол бермеңіз.
Духовканың ішкі бөлігін алюмин фольгамен немесе шаруашылық дүкендерде сатылатын бірқолданыстық қаптама материалдармен жаппаңыз. Алюмин фольгасы немесе басқа да қаптама материал ыстық эмальды жермен байланысқа түскенде ериді және эмальды қаптаманың зақымдануына әкеп соқтырады.

Тұмшапеш сөніп тұрғанда, орталық ажыратқыштың айналасында көмескі жарық болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Оны өшіру үшін ашаны төңкеріңіз немесе қуат қысқыштарының орнын ауыстырыңыз.

1.3 ОРНАТУ

Аспапты орнату сатып алушының есебінен жүргізіледі. Аталмыш қызмет бойынша өндіруші кәсіпорын жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Орнату кезіндегі олқылықтарға байланысты жөндеу жұмыстарына кепілдеме таралмайды, және өндіруші кәсіпорын оның құнын толтырмайды.
Аспапты орнату нұсқаулыққа сәйкес білікті маман арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Аспапты дұрыс орнатпау, адамдар мен жануарларға жарақат әкелуі мүмкін, сонымен қатар мүлікке зиян келтіреді, осы үшін өндіруші кәсіпорын жауапкершілікті өз мойнына алмайды.
Духовка орнатылатын жиһаз жоғары температураға шыдамды материалдан жасалуы тиіс.
Духовканы столдың үстіңгі тақтайына да, бағана ретінде де орнатуға болады. Орнатудан бұрын: аспап орнатылатын бөлмеде ауа алмасу үрдісі жақсы болуы керек, бұл аспаптың ішкі бөлшектерінің тез сууына және ауаның алмасуына септігін тигізеді. Ол үшін арнайы саңылау ойластырған жөн. (соңғы беттен көруіңізге болады).

1.4 АСХАНА ГАРНИТУРЫНА ДУХОВКА ШКАФТЫ ОРНАТУ.

Духовканы белгіленген орынға қойыңыз; ол столдың үстіне, сонымен қатар тік шкафқа да орнатылуы мүмкін. Жақтаудағы арнайы бекітетін саңылау арқылы аспапты бекітіңіз (соңғы беттен көріңіз). Бекіту саңылауын табу үшін, есікті ашып, ішіне қараңыз. Белгіленген ауа алмасу үрдісіне қол жеткізу үшін, соңғы беттегі диаграммада берілген параметр және қашықтық бойынша нұсқаулық мүлтіксіз орындалуы тиіс. Назар аударыңыз: пісіру тетігі қиыстырылған духовка пештеріне үшін, пісіру тетігінің ережелерін қатал сақтау қажет.

1.5 МАҢЫЗДЫ

Пештің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ас үйдегі жиһаз лайықты болуы керек. Пеш жанындағы ас үй жиһазының панельдері жылылыққа төзімді материалдан жасалуы тиіс. Шереленген ағаштан жасалған жиһаздың желімі кем дегенде 120°C шамасындағы температураға шыдай алатынына көз жеткізіңіз. Мұндай температураларға шыдай алмайтын пластик немесе желім жиһазды балқытып, оның деформациясына апарып соғады. Пеш жиһаз ішіне кіріктірілген соң, электрлік бөлшектерді толықтай оқшаулап жіберу керек болады. Бұл – заңмен талап етілетін қауіпсіздік шарасы. Барлық қорғауыштар арнайы құралдарды пайдаланбай шығарыла алмайтындай етіп өз орнына нық бекітілуі тиіс.
Пеш айналасында ауаның жеткілікті ағынын қамтамасыз ету үшін ас үй жиһазының артқы жағын алып тастаңыз. Пеш қақпағының кем дегенде 45 мм артқы қуысы болуы керек.


1.6 ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ

ДУХОВКАНЫ ОРНАТУ АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ МАМАН АРҚЫЛЫ, НЕ БІЛІКТІ МАМАН АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС.
Бұл аспап қолданыстағы ережелер мен талаптарға сәйкес орнатылуы тиіс.
Ондай ережелер мен талаптарды орындамаған жағдайда өндіруші кәсіпорын жауапкершілікті өз мойнына алмайды.
Духовка қауіпсіздік талаптарына және белгіленген ережелерге сай жерге қосу полюсі берік, үш полюсті ашасы бар қуат бауы арқылы


қосылуы тиіс.
Духовканы қуат көзіне қосу барысында сәйкес сақтандырғышы бар, духовканы дұрыс жұмыс істеуі үшін кесілген қуат бауын қолданғаныңыз жөн.
Қуат көзіне қосу: Аталмыш аспап тек электроаспапқа қосылатын 230В қуатты сымымен жабдықталған – бұл фаза аралық немесе фаза мен бейтарап аралық қуат сымы.
Қуат көзіне қосардан бұрын мыналарды тексеру қажет:
- электрсанауышта белгіленген қуатты;
- автоматты сөндіргіш тетігінің бар екенін.
Аспапты жерге қосу сымы (сарғыш-жасыл) үйдің жерге қосу құрылғысына бекітілуі тиіс. Аспапты қуат көзіне қосардан бұрын үйдің жерге қосу құрылғысын білікті электрик тексеруі қажет.
Ескерім. Қызмет көрсету орталығы арқылы іске асатын аспапты техникалық жөндеуден өткізу қажет екенін есте сақтаңыз. Сол себепті аша қол жетімді жерде орналасуы тиіс. Қуат бауын ауыстыру қызмет көрсету орталығының қызметкері немесе білікті маман арқылы жүзеге асырылуы тиіс.Ауыстыру барысында нұсқаулықта берілген аспаптың сипаттамасына жүгінген жөн.І дәрежелі токқа түсіп қалудан сақтану.

1.7 АСПАПТЫҢ ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІ

Духовканың қосалқы жабдықтарын алғаш қолданардың алдында оларды ысқышпен жуған жөн.
Сонан соң оларды жақсылап таза суда шайыңыз және құрғатып сүртіңіз.



Қарапайым шілтер пісіруге арналған қалыптар мен ыдысты қоюға арналған.
Тұғырық грилде тамақ дайындаған кезде шырынды жинау үшін қолданылады.
Ол тек грильде, не істікте немесе желдетуі бар грильде қолданылады (моделіне байланысты);



басқа режимдерде оны қолданбаған жөн. Шырынды жинап, тұғырықты қуыру табасы ретінде қолдануға болмайды, өйткені түтін пайда болады және духовканың қабырғаларына май сіңіп қалады.

ПИЦЦАҒА АРНАЛҒАН ЖИНАҚ
пицца әзірлеу үшін шығарылған. Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін "Пицца" функциясымен бірге қолданған дұрыс.




Бүйірлік сымды торлар
Ол пеш қуысының екі жағында орналасқан. Ол металл торлар мен тамшы табаларын ұстайды.




Металл бағыттауыштарды тазалау және бөлшектеу

1 - Бекіту бұрандаларын сағат тіліне қарсы бағытқа бұрап ағытыңыз.
2 - Металл бағытауыштарды өзіңізге тарту арқылы ғытыңыз.
3 - Металл бағыттауыштарды ыдыс-аяқтарды жуу машинасымен немесе ылғал ысқышпен жуып тазалаңыз.
4 - Осыдан соң металл бағыттауыштарды 1 және 2 пункттарды кері реттілік бойынша қайтадан духовка шкафына орнатыңыз.
5 - Бұрандаларды бекітіңіз.
Егер қосалқы жабдықтарды қолданбайтын болсаңыз, оларды духовкадан шығарып қойыңыз.



2. ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

2.1 СӨРЕЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ



Духовка сөрелердің қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Олар тамақты тексеру мақсатында сөрелерді тайғанап кету тәуекелінсіз қозғалтуға мүмкіндік береді немесе сөрелердің кездейсоқ құлауынан сақтайды. Сөрені толығымен шығару үшін оны өзіңізге тартып, жоғары көтеріңіз

2.2 ГРИЛЬДЕ ДАЙЫНДАУ

Грильді қолдану арқылы тез арада қызғылт қабықшалы тағамды әзірлеуге болады. Тағамның көлеміне байланысты тез қызарту үшін шілтерді төртінші деңгейге орнатқан жөн (19 бетті қараңыз). Ет орамасы мен майсыз жабайы құс етінен басқа барлық тағамды грильде дайындауға болады.
Ет пен балықты грилде дайындардан алдын оларды майлаған жөн.

2.3 КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

- Аспапты тазалуға кірісерден бұрын, суығанша күту қажет.
- Тазалау барысында эмальды және темір қаптамаға зақым келтіретін қатқыл жуу заттарын, темір жуғышты немесе өткір заттарды қолдануға болмайды.
- Құрамында аммиагы бар жуу заттарын немесе сабынды қоспаны қолданыңыз.
ДУХОВКА – әрбір қолданыстан кейін духовканы тазалаған жөн. Тамақты әзірлеу барысында духовканың қабырғаларына май жабысады. Келесі қолданған кезде май қалдықтары жаман иіс беруі немесе тамақтың сапасына әсер етуі мүмкін. Тазалау үшін су мен жуғыш заттарды қолданыңыз және де таза сумен мұқият шайыңыз.


ШЫНЫ БӨЛШЕКТЕРІ
Әрбір қолданыстан кейін есіктің әйнегін қағаз сүлгімен жақсылап сүртіңіз. Егер әйнекте майдың үлкен дақтары қалып қойса, онда оны жұмсақ ысқышпен немесе жуғыш заттармен тазалағаныңыз жөн. Таза сумен жақсылап шайыңыз және құрғата сүртіңіз. Қатқыл және өткір заттарды қолдануға болмайды. Есіктің қаптамасын ысқышпен, жуғыш заттармен тазалаған жөн.
ҚОСАЛҚЫ ЖАБДЫҚТАР
Сабынды қоспада малынған ысқышпен тазалаған жөн, сонан соң таза сумен мұқият шайып, құрғата сүртіңіз.
ТҰҒЫРЫҚ
Гриль дайындап болған соң тұғырықты духовкадан шығарыңыз. Оның ішіндегі қалған затты қандай да бір ыдысқа құйыңыз, ыстық суда және жуғыш затпен ысқыштың көмегімен жуып тазалаңыз, соңында таза сумен мұқият шайып, құрғата сүртіңіз. Күйіп кеткен тағам қалдықтарынан тұғырықты тазарту үшін оған жуғыш зат салып суға малып қойыңыз. Тұғырықты ыдыс жуу машинасымен немесе сатылымдағы басқа да аспаптармен жууға болады. Ешқашанда тұғырықты лас күйінде духовкада қалдырмаңыз.
ДУХОВКАНЫҢ ЖАРЫҚТАНУЫ
Әрбір тазарту немесе шамды ауыстыру жұмысында розеткадан ашаны суырыңыз. Шам немесе оның сыртқы қаптамасы жоғары температураға шыдамды материалдан жасалған.
Шамның техникалық сипаттамасы:
230В ~ - 25Вт – цоколь Е 14 – температура 300°С
Егер бұзылған шамды ауыстыру қажеттілігі туындаса, онда әйнек қақпақты шешіп, шамды бұрап, оны баламалы жаңа шаммен айырбастаңыз және әйнекті қақпақты қайта орнына бекітіңіз.

2.4 СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қызмет көрсету орталығына хабарласудан бұрын.
Егер духовка бұзылған жағдайда, Сізге ұсынамыз:
- аша қорек көзіне дұрыс орнатылғандығына көз жеткізіңіз;
Егер ахаудың себебін таппасаңыз :Аспапты өшіріңіз, өзіңіз жөндеу әрекетін қолданбаңыз, одан да арнайы қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз. Арнайы қызмет орталығымен

хабарласқан кезде, әлбетте сіз оларға аспаптың моделі мен сериялық нөмірін айтуыңыз қажет, оны сіз кепілдеме қағазынан немесе заттаңба кестесінен таба аласыз.
Аспапты сатып алғанда, оған кепілдеме қағазы қоса беріледі, осы кепілдік мерзімі ішінде арнайы қызмет көрсету орталығында аспап тегін жөнделеді.
Сериялық нөмір 16 саннан тұрады. Алғашқы 8 сан модельдің коды. Кейінгі 4 өнімнің шығу мерзімі (жыл, апта). Соңғы 4 сан зауыттық нөмір.

3. АНАЛОГТЫҚ САҒАТТЫ/БАҒДАРЛАМАШЫНЫ ПАЙДАЛАНУ



Уақытты орнату

Бағдарламалаушы тұтқасын басыңыз және оны дұрыс уақытты орнату үшін сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.
Сағатты пеш электр желісіне қосылған жағдайда ғана орнатуға болады. Қуат ақауы орын алған жағдайда, бағдарламалаушы тоқтайды: дұрыс уақытты қуат қайта берілгенде қайта орнату қажет болады.

ФУНКЦИЯ	Белсендіру әдісі	Өшіру әдісі	Мүмкіндіктері	Мақсаты
Жылдам іске қосу	Бағдарламалаушы тұтқаны қажетті пісіру уақыты көрсетілмейінше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.	Орнатылған уақыт өтіп кеткеннен кейін дабыл дыбысы шығады. Пісіру процесін тоқтату үшін, бағдарламалаушы тұтқаны белгі көрсетілгенше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.	Пеш функциясын іске қосады және уақытылы жұмысты қамтамасыз етеді.	Қажетті тағамдарды әзірлеу үшін.
	Бағдарламалаушы тұтқаны тартып, оны таңбалаушы ағымдағы уақытқа сәйкес келгенше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз. Басу бағдарламалау фазасының соңын көрсетеді.	Селектор тұтқасын «0» күйіне бұрыңыз, мысалы сағат таңғы 09:00 және 1 сағат 15 минут уақыты бағдарламаланған. Бағдарлама автоматты түрде таңғы сағат 10:15 тоқтайды.		Белгіленген ас әзірлеу уақыты өткеннен кейін, пеш автоматты түрде сөнеді де, дыбыстық сигнал шығады.
	Селектор тұтқасын пайдалана отырып қажетті пісіру режимін таңдаңыз. Пеш тез арада қосылады және орнатылған пірісу уақытының бүкіл ұзақтығы бойында қосулы қалады.			
Кейінге қалдырылған пісіру уақыты	Бағдарламалаушы тұтқаны қажетті пісіру уақыты көрсетілмейінше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.	Орнатылған уақыт өтіп кеткеннен кейін дабыл дыбысы шығады. Пісіру процесін тоқтату үшін, бағдарламалаушы тұтқаны белгі көрсетілгенше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.	Пешті, тағам қажетті уақытта дайын болатындай етіп бағдарламалауға мүмкіндік береді.	Қалаған сәтте қалаған рецепттеріңізді пісіруге арналған.
	Бағдарламалаушы тұтқаны тартып, оны таңбалаушы қажетті пісіру уақытына сәйкес келгенше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.	Селектор тұтқасын «0» күйіне бұрыңыз, мысалы, таңғы сағат 09:00, 1 сағат 15 минут уақыты бағдарламаланған және басталу уақыты сағат 11:00 орнатылған. Бағдарлама автоматты түрде 11:00 басталады және 12:15 аяқталады.		
	Селектор тұтқасын пайдалана отырып қажетті пісіру режимін таңдаңыз. Пеш пісіруді бастау уақытында қосылады және орнатылған пірісу уақытының бүкіл ұзақтығы бойында қосулы қалады.	Бағдарламалауды тоқтату үшін, бағдарламалаушы тұтқаны белгі көрсетілгенше сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.		

ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ

3.1 ІСКЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Бұл таймер сағат ретінде қолданылады (тілдерімен) және духовка шкафының жұмысын басқару үшін (реттеуіш тұтқасын және индикаторлық пиктограммасын басу арқылы). Реттеуіш тұтқасын басу арқылы сіз: тағамды әзірлеу уақытының басталуын, тағамды әзірлеу бағдарламасын және тағамды әзірлеу уақытының аяқталуын, сонымен қатар ескерту сигналының берілу уақытын (тағамның дайын болғандығын ескертетін) орната аласыз.

3.2 САҒАТТЫ ОРНАТУ (АҒЫМДАҒЫ УАҚЫТТЫ)

Сағатты орнату үшін, реттеуіш тұтқасын 4 рет жылдам басыңыз. Осыдан кейін дисплейде «САҒАТ» жыпылықтайтын пиктограммасы пайда болады.

Уақыт көрсетімін көбейту немесе азайту үшін, реттеуіш тұтқасын сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Соңғы реттеуден кейін электронды таймер автоматты түрде уақытты орнату режимінен шығады.

3.3 ҚОЛ РЕЖИМІНДЕ ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ

Қол режимінде тағам әзірлеу барысында (әдепке бойынша орнатылады), духовка шкафының жалпы ажыратқышын қолдану арқылы тағамды қол режимінде әзірлеуге болады (таймерден тәуелсіз жұмыс істейді).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қоректендіру кернеуі жіберілгеннен кейін бірнеше секунд өткен соң таймер іске қосылады.

3.4 СИГНАЛ БЕРУШІ ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАҒДАРЛАМАЛАУ (Таймер)

Сигнал беру құрылғысын бағдарламалау духовка шкафын өшірместен белгіленген уақыт өлшемі аяқталған соң дыбыс сигналы арқылы ескертеді.

Ескерту құрылғысын бағдарламалау үшін реттеуіш тұтқасын 3 рет жылдам басыңыз. Осыдан кейін, дисплейде «ТАЙМЕР» жыпылықтайтын пиктограммасы пайда болады. Ескерту құрылғысын орнату тағамды әзірлеу уақытын орнатуға ұқсас (осы нұсқаулықтағы сәйкес бөлімді қараңыз).

Егер сол уақытта тағамды әзірлеу бағдарламасы жұмыс істеп тұрмаған болса, сонда ғана ескерту құрылғысын бағдарламалауға болады.

3.5 ЖАРТЫЛАЙ АВТОМАТТЫ РЕЖИМДЕ ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ: ТАҒАМДЫ ӘЗІРЛЕУ УАҚЫТЫ АЯҚТАЛҒАН КЕЗДЕ ДУХОВКА ШКАФЫН СӨНДІРУ

Тағамды әзірлеу уақытының аяқталуын бағдарламалау сізге бірден тамақты әзірлеуге кірісуге және белгіленген уақытта тамақты әзірлеуді тоқтатуға мүмкіндік береді. Тағамды әзірлеу уақытының аяқталуын бағдарламалау үшін реттеуіш тұтқасын 2 рет басыңыз. Содан кейін, дисплейде. Тағамды әзірлеу уақытын азайту немесе көбейту үшін, реттеуіш тұтқасын сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Реттеуіш тұтқасын соңғы бұрағаннан кейін бірнеше секунд

бойы «СТОП» пиктограммасы жыпылықтап тұрады. Бағдарлама реттеуіш тұтқасын басу арқылы ғана бекітіледі (тағамды әзірлеудің ең төменгі уақыты екі минутқа тең).

Бағдарламаны растағаннан кейін тағамды әзірлеу басталады, және автоматты түрде ескерту сигналы беріледі. «Бағдарламаланған тағамды әзірлеу уақытының аяқталуы = Ағымдағы уақыт» теңескен кезде тағамды әзірлеу уақыты аяқталады.

Бағдарламаны көру үшін, реттеуіш тұтқасын басыңыз және жіберіңіз. Таймер таңдаған бағдарламаны көрсетеді. Тағамды әзірлеу уақыты аяқталған соң «СТОП» пиктограммасы жыпылықтап тұрады және ескерту дыбысты сигналы шығады. 1 минуттан кейін дыбысты сигнал өшеді, ал «СТОП» пиктограммасы реттеуіш тұтқасын баспағанша жыпылықтап тұрады.

Бағдарламаны жұмыс барысында өшіру үшін, реттеуіш тұтқасын бірнеше секунд басып тұрыңыз. Осыдан кейін бағдарлама өшіріледі де, таймер тағам әзірлеудің қол режиміне ауысады.

3.6 ТОЛЫҒЫМЕН АВТОМАТТЫ РЕЖИМДЕ ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ


Толық автоматы түрде тағамды әзірлеуді бағдарламалау, сізге, тағамды әзірлеуді және оның аяқталуын бағдарламалауды таймер орнату арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тағамды әзірлеу уақытының басталуын бағдарламалау үшін реттеуіш тұтқасын 1 рет басыңыз. Осыдан кейін дисплейде «ПУСК» жыпылықтайтын пиктограммасы пайда болады. Тағамды әзірлеу уақытын көбейту немесе азайту үшін, реттеуіш тұтқасын сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. «ПУСК» пиктограммасы реттеуіш тұтқасын соңғы рет бұрағаннан кейін бірнеше секунд бойы жыпылықтап тұрады. Егер осы уақыт аралығында, сіз реттеуіш тұтқасын бұрамасаңыз немесе оны баспасаңыз, онда сағат тілі автоматы түрде ағымдағы уақытқа қайта оралады және бағдарламалау өшіп кетеді. Егер сіз реттеуіш тұтқасын бассаңыз, онда тағамды әзірлеу уақытының басталуы сақталып қалады («ПУСК» пиктограммасы жанады) және таймер тағамды әзірлеу уақытын аяқталуын бағдарламалау режиміне көшеді («СТОП» пиктограммасы жыпылықтай бастайды).

Тағамды әзірлеу уақытының аяқталуын бағдарламалау тәртібі жоғарыда берілген тағамды әзірлеу уақытының басталуын бағдарламалау тәртібімен бірдей. «Бағдарламаланған тағамды әзірлеу уақытының басталуы = Ағымдағы уақыт» теңескен кезде тағамды әзірлеу уақыты басталады.

3.7 ҚОРЕКТЕНДІРУ КЕРНЕУІН ЖІБЕРУДІҢ БҰЗЫЛУЫНЫҢ ИНДИКАЦИЯСЫ (ҚОСЫМША)

Таймер қоректендіру кернеуін жіберудің бұзылуы туралы «САҒАТ» белгісінің жыпылықтау арқылы сигнал береді. Оны өшіру үшін, реттеуіш тұтқасын аз уақыт басып тұрыңыз.

4 «ӘЗІРЛЕУ СОҢЫ» ТАЙМЕРІН ПАЙДАЛАНУ




Осы басқару элементі қалаулы әзірлеу уақытын (макс. 120 мин.) орнатуға мүмкіндік береді. Пеш орнатылған уақыттың соңында автоматты түрде өшеді.
Таймер орнатылған уақыттан бастап кері санақ жүргізеді, О күйіне қайтады және автоматты түрде өшеді.
Пешті әдеттегідей пайдалану үшін таймерді күйіне орнатып қойыңыз.
Пешті орнату үшін таймердің О күйінде тұрмағанына көз жеткізіңіз.

5. ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Функцияның белгісі	Белгіленген және орнатылған T °C Электронды бағдарламаушысы бар моделі (Type A)	T °C орнату Термостаты бар моделі	Модельге сәйкес фунциялар
			ШАМ: Жарықтануды қосады
			ЖІБІТУ: Еріту. Бұл режим орнатылған кезде мұздалған өнімдердің сапасына зиян келтірмей олардың құрамын өзгертпей бірнеше минуттың ішінде еріту мақсатында бөлмелік температурада вентилятор іштегі ауаны айналдырады.
*	220	50 - MAX	**Қалыпты режим** Жоғарғы және төменгі қыздыру бөлшектері қолданылады. Алды ала духовканы қыздырыңыз, шамамен 10 минуттай уақыт. Режим дәстүрлі қуыру және пісіру үшін өте тиімді. Сиыр еті, бұзау еті және шошқа етін қуырғанға, ростбиф, қойдың аяғын, жабайы құс етін, нан, фольгаға оралған тағамдарды, қаптама қамырдан жасалған тағамдарды дайындағанға өте қолайлы. Тағамды духовканың ішіне ортаңғы деңгейіне қойыңыз.
	210 180	50 - MAX 50 - MAX	**БІРНЕШЕ ДЕҢГЕЙЛІ** Біз сізге осы режимді тауықты, әртүрлі тоқаштарды және көкөністерді әзірлегенде қолдануға ұсыныс береміз. Ыстықтың жақсы көтерілуіне байланысты, алдын ала қыздыру және дайындау уақытын да азайтады. Бірден әртүрлі тағамдарды әр деңгейде дайындауға, алдын ала қыздырумен немес қыздырусыз болады. Бұл режим ыстықты түрлендіреді сондықтан иістер араласпайды. Бір уақытта бірнеше тағамды дайындағанда уақытты 10 минут артық қосқаныңыз жөн.
	210	50 - MAX	**ТҮПТІҢ ҚЫЗДЫРЫЛУЫ + ЖЕЛДЕТКІШ** Төменгі қыздыру элементі конвекциямен бірге қолданылады, ол духовканың ішіндегі ауаның айналымын қамтамасыз етеді. Бұл режим қаптама қамырдан жасалған тағамдар, тарталет және паштеттер әзірлеуге өте ыңғайлы. Кеуіп кетуден сақтайды және бәліш, нан және басқа да төменгі деңгейде әзірленетін тағамдардың көтерілуіне ықпал жасайды. Тағамды төменгі деңгейге орналастырыңыз.
	230	50 - MAX	**ГРИЛЬ** Тек жоғарғы қыздыру элементі қолданылады және температураны реттеуге болады. Қып-қызыл ыстық қалыпқа қол жеткізу үшін алдын ала қыздыруға 5 минут жеткілікті. Люля-кебаб, гриль және тағы басқа тағамдарды дайындағанға жақсы. Ақ етті грильден алшағырақ орналастырған жөн: дайындау уақыты ұзағырақ болады, алайда тағам өте дәмді болады. Қызыл ет пен балық етін әзірлегенде шілтерге тұғырықты кигізген жөн, онда шырынның жиналуы үшін.
*	190	50 - MAX	**COOK LIGHT** бұл атқарым тоң май немесе май мөлшерін азайтып, тамақты аса пайдалы тәсілмен даярлау мүмкіндігін береді. Қыздырушы элементтердің лүпілдеуіш ауа кезеңімен үйлесуі мінсіз пісіру нәтижесін қамтамасыз етеді».
	220	50 - MAX	**Пицца режимі** Бұл режимде ауа духовканың ішінде жақсы алмасады, сондықтан пицца немесе итальяндық бәліш фокачча сияқты тағамдарды әзірлегенде керемет нәтижеге қол жеткізесіз.

*Энергия тұтынысы декларациясы мен энергия класы мақсатында EN 60350-1 стандартына сәйкес сыналды

УСТАНОВКА RU




RU Если кухонная мебель имеет заднюю стенку, сделайте в ней отверстие для ввода кабеля питания

KZ Егер асүй жиһазының артқы қабырғасы бап болса, онда қоректендіру кабелін өткізу үшін ойық жасаңыз.

Ⓐ **RU** Если монтаж плинтуса не допускает циркуляции воздуха, для достижения максимальной производительности печи в нем должно быть отверстие 500x10 мм или 5000 мм^2 той же поверхности.


Ⓐ **KZ** Егер плинтусты бекіту ауа циркуляциясына рұқсат бермесе, пештің максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін 500x10 мм саңылау немесе 5,000 мм^2 ауданда бірдей бет жасау қажет болады.

ОРНАТУ KZ



RU Если в духовке нет охлаждающего вентилятора, необходимо выполнить отверстие 460 mm x 15 mm

KZ Егер пештің салқындату желдеткіші болмаса, есік жасаңыз 460 mm x 15 mm.



42836530 • 70 gr - A4 • 08.2020 • Rev_0

RU

Производитель не несет ответственности за неточности, связанные с опечатками и неправильным переводом, которые могут иметь место в данной брошюре. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию выпускаемых им изделий, включая такие изменения, которые могут оказывать влияние на их эксплуатационные характеристики, при условии, что эти изменения не снижают безопасность и функциональные возможности изделия.

KZ

Өндіруші осы нұсқаулықта кезігуі мүмкін қате терілу мен жаңсақтықтар үшін жауапкершілік көтермейді. Біз шығарылатын өнімдердің сапасын жақсарту мақсатында, өзіміз шығаратын бұйымдардың конструкциясына өзгертулер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Бұл орайда бұйымның негізгі функциялары мен оның қауіпсіздігі өзгеріссіз қалатын болады.